



БІТІК ЕГІН –
БЕРЕКЕ



ЖҰМЫС САПАРЫ

КӨШІ-ҚОНҒА КЕДЕРГІ ЖОҚ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев жұмыс сапарымен Қызылжар өңіріне келіп, бірқатар маңызды нысандарды аралады, жергілікті билік тарапынан қоныс аударушылар мен қандас-тарға жасалып жатқан әлеуметтік жағдаймен, еңбек шарттарының орындалу барысымен танысты.

Асқарбек Ертаев «Alageum» Петропавл электротехникалық зауытында болып, еңбек жағдайы мен қалыптасқан іс-тәжірибеге назар аударды. Кәсіпорында еңбек ететін 120 адамның басым бөлігі теріскейге мемлекеттік бағдарлама арқылы қоныс аударып, баспанамен қамтамасыз етілген. 2023-2024 жылдары көппәтерлі тұрғын үй салынып, 40 отбасыға пәтер кілті табыс етілген. Мұнда азаматтарды жаңа ортаға бейімдеу, баспана мәселесін шешу тәжірибесі өз жалғасын тауып келеді. Ведомство басшысы жұмысшылар мүддесін қорғау, оларға қалыпты әлеуметтік жағдай жасау, өндіріс-тегі еңбек қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау басты талап екенін атап өтті.



2

БІЛІМ БЕРУ

ЖАҢА ЗАМАННЫҢ ЖАҢАРҒАН МЕКТЕПТЕРІ

Облыс орталығында білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясы өтті. Алқалы жиынның пленарлық отырысына облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің кеңесшісі Нұрлан Қиясов және сала ардагерлері мен жас мамандар қатысты. Олар жылдам өзгерістер дәуірінде ЖИ-ді тиімді пайдалану жолдарын талқылап, білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді таныстырды.



3



ҚЫЗЫЛЖАРДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЕСКІ ҮЙДЕН – ЕҢСЕЛІ ПӘТЕРГЕ

Облыс орталығында су тасқынынан зардап шеккен Заречный кенті тұрғындарына арналған жаңа пәтер кілттері табысталды. Бұл – баспана суға кеткен тұрғындарға салынған екінші көпқабатты үй.

Су келу қаупі жоғары аумақтағы тұрғындар 72 пәтерлі баспана құрылысының аяқталуын көп күткен. Алғашқы пәтер иелерін облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов пен қала әкімі Серік Мұхамедиев құттықтап, кілттерді табыстады.

— Бәріңізді осы қуанышты күнмен құттықтаймын. Шаңырақтарыңыз биік, іргесі берік болсын. Бүгінде соңғы үшінші үйдің құрылысы басталды. Жоспарланған жұмыс келер жылы аяқталып, басқа да тұрғындар баспаналы болмақ. Осылайша табиғи апаттан зардан шеккен Заречный кенті тұрғындарының бәрі жайлы үйге көшеді, — деді Нұрлан Кеңесов.

Тұрғындарға бұрын Заречный кентінде тұрған баспанасының ауданымен шамалас пәтерлер берілген. Алда жобаның үшінші сатысын жүзеге асырып, кент тұрғындарының бәрін көшіру жоспарланған.

Үйлі болған жандардың қуанышында шек жоқ. Бұрын жыл сайын ескі үйі үшін алаңдап, көктемді қауіппен өткізетін. Бұдан былай жаңа пәтер иелері өз қауіпсіздіктері үшін уайым жемей, алаңсыз өмір сүреді.

Диас АЯҒАН,
«Soltüstik Qazaqstan».



ЗУЫЛДАҒАН
ШОЙЫН ЖОЛДЫҢ
БОЙЫМЕН



4

SARAPTAMA



КӨГЕРШІНДЕР КӨБЕЙІП, ТОРҒАЙ НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Қала құстарының өмірі тек Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінің көптеген қалаларында жан-жақты зерттеліп жатыр. Мұндай зерттеулер қалалық экожүйедегі биоалуантүрлілікті бағалауға, құстардың қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктерін анықтауға және олардың экологиялық рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Алайда қала көшелерінде құстың өлексесін кездестірген кезде, көпшілігіміздің көңілімізде «Бұл құсқа не болды?», «Оның өліміне қандай себеп әсер етті?» деген сұрақтар туындайды. Әсіресе түрлі вирустық инфекция жиі таралатын қазіргі заманда мұндай жағдайларға қоғамның алаңдаушылық танытуы түсінікті.



6

«SIFRLYQ QAZAQSTAN»



Сурет ЖИ көмегімен жасалған

КӨМЕККЕ МҰҚТАЖДАРДЫ ЖИ АНЫҚТАЙДЫ

Елімізде жасанды интеллект әлеуметтік төлемдерді тағайындау, атаулы әлеуметтік көмекті рәсімдеу және мүгедектік тобын белгілеу процестеріне кеңінен енгізіліп жатыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше ЖИ атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде өтініш берушілердің

тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын бағалауға көмектеседі. «Жүйе азаматтар ұсынған фото және бейнематериалдарды талдап, олардың атаулы

әлеуметтік көмекке мұқтаж немесе мұқтаж еместігі туралы ұсынымдар әзірлейді. Бұл өңірлік учаскелік комиссиялардың жұмысын едәуір жеңілдетіп, шешім қабылдау кезіндегі субъективті факторларды азайтуға мүмкіндік береді», — делінген министрлік хабарламасында.

Сенім телефоны

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзу фактілері туралы хабарлау үшін 46-56-48 сенім телефонын хабарлайды.

Сонымен қатар басқарма қызметі туралы ақпаратты www.gov.kz/memleket/entities/sko-ukzsr ресми сайтынан табуға болады, виртуалдық қабылдау бөлмесі арқылы немесе zsrp@sko.gov.kz электрондық мекенжайға жібере отырып, сұрақтарыңызды қоя аласыздар.

Басқарма басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі:
Басқарма басшысы Р.С. Елжасов — ай сайын, айдың екінші сәрсенбісі күні, сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін;
басқарма басшысының орынбасары:
А.Қ. Сейітов — ай сайын, айдың төртінші сейсенбісі күні, сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін.
М.М. Ерхан — ай сайын, айдың үшінші бейсенбісі күні, сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін.
Мекенжайымыз: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, телефоны: 46-56-48.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздер басқа ақпарат құралдарына қарағанда бағасы арзан және тиімді «Soltüstik Qazaqstan» газеті арқылы ата-аналарыңызды, туған-туыстарыңызды, жора-жолдастарыңыз бен әріптестеріңізді:
— туған күнімен;
— мектеп табалдырығын аттауымен;
— үйлену тойымен;

— мерейтойымен;
— зейнет демалысына шығуымен және тағы басқа да қуаныштарымен құттықтап, жеке хабарландырулар бере аласыздар.
Біздің мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 7.
Электронды мекенжайымыз: «kyzylzhar_akparat@mail.ru», тел.: 8 (7152) 50-09-15, 8 777-495-67-90.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзу фактілері туралы ақпарат беру үшін 46-95-76, 46-22-64 сенім телефонын хабарлайды.

«СКО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ 8(7152) 42-57-14 сенім телефонын хабарлайды. Басқарманың ресми сайтының мекенжайы www.uprvet.sko.gov.kz, сондай-ақ басқарма басшылығының азаматтарды қабылдау уақыттары:
Басқарма басшысы Ж.К. Әміржанов — сәрсенбі сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін, жұма сағат 11:00-ден 13:00-ге дейін.
Басшының орынбасары А.К. Илюкин — бейсенбі сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін.

Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.

Анатолий Иванович МИШИН



86 жасқа қараған шағында Петропавл қаласының құрметті азаматы, белгілі қоғам қайраткері Анатолий Иванович Мишин өмірден өтті.

Анатолий Иванович өнегелі еңбек жолынан өтті. Ол 30 жылдан астам уақыт «Облбыт-радиотехника» кәсіпорнын басқарды. Қалалық мәслихаттың депутаты болып бірнеше рет сайланып, қоғамдық өмірге белсене араласты және облыс орталығының дамуына елеулі үлес қосты.

Жауапкершілік, адамдарға деген шынайы жанашырлық пен туған қаласына деген адалдық оның азаматтық болмысының айрықша қырлары еді. Анатолий Ивановичтің жарқын бейнесі туыстарының, жақындарының, достары мен әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Ғ.Т.Нұрмұхамбетов, А.С.Сапаров, В.С.Бубенко, М.И.Тасмағанбетов, Қ.М.Дүзелбаев, Р.Қ.Әлішев, Н.М.Кенесов, Ж.Р.Жұмағұлов, С.М.Мұхамедиев, Е.Е.Елеусізов, Қ.Қ.Қалиев, Ж.Қ.Сүлейменов, Г.Г.Зенченко, М.К.Қаражұманов, С.Т.Малаев, Б.Ә.Шаймерденов, О.В.Перепечина, С.С.Біләлов, Е.Х.Сұлтанов.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтері, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, Шығарындылардың технологиялық нормативтері, Қоршаған ортаға рұқсат етілетін физикалық әсер ету нормативтері, «СКО, Петропавл к., Мамлют тас жолы, 26 мекенжайында ҚТҚ полигонын салу» жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Учаске орталығының координаттары 54°55'40"N 68°59'51"E, 54°55'35"N 69°00'19"E, 54°55'23"N 68°59'41"E, 54°55'17"N 69°00'07"E.

Күнi, уақыты: 21.09.2026 ж. сағат 10:00-де .
Өтетін орны: СКО, Петропавл к., С.Мұқанов көшесі, 50-308.

Күнi, уақыты: 21.09.2026 ж. сағат 17:00-де.
Өтетін орны: Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Якорь а. о., Якорь а. Мир көшесі, 39а.

Интернетке қосылу сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/85382171112?pwd=BcKUT7PuXi5181fkZZmebn4UM67wCx.1>

Конференция идентификаторы: 853 8217 1112
кіру коды: 5ZjxQg

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ, тел.:46-90-78. СКО, Петропавл к., Қазақстан Конституциясы к-сі., 23, БСН: 010640001556, Сектор-gkx@mail.ru

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NordEco Consult» ЖШС, +7 705 800 23 63, Петропавл к., С.Муканов к-сі, 50-308. БСН:090240009780, vibatalov@yandex.ru

Көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтарыңызды қоя аласыздар.

Жоба бойынша құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СКО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 533638.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша +7 (747) 3742504 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Петропавловска» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам на получение Комплексного экологического разрешения: Нормативы допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий, Технологические нормативы выбросов, Нормативы допустимых физических воздействий на природную среду, Раздел охраны окружающей среды к проекту «Строительство полигона ТБО СКО, г. Петропавловск, ул. Мамлютское шоссе, 26».

Координаты центра участка 54°55'40"N 68°59'51"E, 54°55'35"N 69°00'19"E, 54°55'23"N 68°59'41"E, 54°55'17"N 69°00'07"E.

Дата, время: 21.09.2026г. в 10:00.
Место проведения: СКО, г. Петропавловск, улица С.Муканова, 50-308.

Дата, время: 21.09.2026г. в 17:00.
Место проведения: Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Якорский с.о., с. Якорь ул. Мира, 39а.

Ссылка для онлайн подключения:
<https://us06web.zoom.us/j/85382171112?pwd=BcKUT7PuXi5181fkZZmebn4UM67wCx.1>

Идентификатор конференции: 853 8217 1112 Код доступа: 5ZjxQg

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: КГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Петропавловска» тел. 46-90-78. СКО, г. Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 23, БИН: 010640001556, Сектор-gkx@mail.ru.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», +7 705 800 23 63, г. Петропавловск, ул. Муканова, 50-308. БИН:090240009780, vibatalov@yandex.ru.

Задать интересующиеся вопросы можете по указанному контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний.

Документация по проекту размещена на <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные ответственного за организацию общественных слушаний: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО, тел.: 533638.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону +7 (747) 3742504.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz.